

Егемен Қазақстан

Елінің ертеңін ойлаған Елбасы

Алаш жұртының ару Астанасы төрткүл дүние тамсанатын, әлемнің атақты астаналарымен салтанат жарыстырып, бой таластыра алатын бас қаласы ретінде қалыптасты. Тәуелсіз Қазақстанның елордасы жұмыр жерді толғандырған тақырыптар талқыланатын, салиқалы саясат, тұғырлы экономика, дінаралық келісім кеңестері өтетін жаһандық орталық дәрежесіне жетті. Елорда төрінде айбарымызды асқақтататын, халықаралық саяси және экономикалық мәселелер талқыға салынатын жиындар, жоғары деңгейде халықаралық шешімдер қабылданған мәжілістер соның айғағы. Мәртебесі биік, ұлағаты зор ұлы жиындар өткізіп Астана әлемге таныла бастағаннан кейін елорданың кемел де келісімді мәжілістерге мұрындық бола алатын деңгейі қуаттала түскендей болды. Бүгінгі күні Астана қазақ даласының ғана емес, күллі Орталық Азияның, Еуразияның да беделін алға сүйреп келеді.

Астананың авторы – Елбасымыздың өзі, өзінің ұйғарымымен, ұлы мұратымен үндес қала. Жаңа тұрпатты мемлекеттің айнасы, Тәуелсіздік жемісі. Елбасы мен елорданы бір-бірінен ажыратып қарай алмайсың. Сарыарқадай қасиетті өңірде көз жауын алар көркем қала тұрғызып, оны қысқа мерзім ішінде миллион тұрғыны бар әлемдік мегаполистермен иық теңестіре алатындай эстетикалық рухы бар әсем шаһарға айналдыру, екіге жарылып ағып жатқан ерке Есілдің бойына жағалата ел қондыру ерлікпен пара-пар іс. Жастығына қарамастан, Арқаның мойнына тағылған алқа ғана емес, күллі қазақ даласының салтанатын асырып тұрған сиқыры бар еліміздің байтағы көптен бері «XXI ғасырдың қаласы» деп аталып келеді. Жаңа ғасыр шаһарының бұлай аталуының жөні бар. Осы мерзім аралығында қоғамдық санамызда, дүниетанымымызда жаңа тұрпатты мемлекетіміздің орталығы елорда ретінде берік орнығып үлгерді. Ең алдымен, Еуразияның кіндігінде жаһандық топтасудың һәм ауқымды интеграцияның инициаторы ретінде бейбітшілік пен келісім, татулық пен бірлікті темірқазық еткен Астана беделді мемлекеттер арасында өзіндік қолтаңбасымен айшықталды. Салт атты өркениетімен салтанат құрған көшпенді империялық дәуіріміздің бүгінге жеткен жалғасы сынды Ақорда әлемдік саяси ой-пікірлерге, саяси шешімдерге жаңаша серпінмен ықпал аясын кеңейтіп келеді. Әлемде елорда болғалы өте қысқа мерзім ішінде дәл Астана секілді мәшһүр болып үлгерген орталықтар жоқ та шығар.

Көптен бері Астана күнін тойлауды халықтық дәстүрге айналдырдық. Астана бізге несімен қымбат? Ең алдымен, Астана – кіндік қала. Аспан кеңістігіне бергісіз кең-байтақ жеріміздің кез келген нүктесіне бірдей қашықтықта орналасуымен қолайлы. Қазақстанның тура ортасында орналасқандықтан, саяси стратегиялық жағынан да өте тиімді таңдалған орталық. Екіншіден, тәуелсіздік алғаннан кейін құрылысы қауырт, қарқынды жүргізілген Астана аз уақытта адам танымастай өзгеріп, көз алдымызда керемет көркейіп өсіп келеді. Бүгінде Астанамыз жай ғана бір елдің елордасы болып отырған жоқ. ЕҚЫҰ-ның Астана Саммитін, Шанхай ынтымақтастық ұйымының, Ислам Ынтымақтастығы Ұйымының мәслихаттарын, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезін, Астана экономикалық форумын, Азиаданы, енді міне, ЭКСПО-2017 секілді халықаралық маңызы зор үлкен шараны өткізіп жатқанымыз ел мерейін ғана өсірмейді, бұл Қазақстанға деген шет мемлекеттердің, әлемдік қоғамдастықтың сенімін білдіреді әрі өңірдегі басқа елдерге қарағанда, ресми Астанаға артылған сенім аса зор. Жыл сайын Президентіміз өзінің Ақордасында шығармашылық зиялы қауым өкілдерін қабылдап, кездесу өткізеді. Бұл кездесулерге ел де елеңдеп, ұлттың тағдырына байланысты байыпты әңгіме қозғалар ма екен деп құлағын тосатынын байқап жүрміз. Ол жердегі әңгіме барысында қоғамдық-саяси саладағы кең ауқымды мәселелер қозғалып, мәдениетті дамыту, қазіргі заманғы әдеби үдерістердің аспектілері, жалпы, ел өмірінің барлық мұң-мұқтажы, қам-қарекеті мүмкіндігінше қамтылып айтылады. Ал соңғы кездесуімізде латын әліпбиіне көшу, демографиялық ахуал, көші-қон саясаты, үш тілде білім беру жүйесін енгізу секілді дәл қазір қоғамда өткір қозғалып отырған мәселелер жөнінде сөйлестік. Сол кездесулердің қай-қайсында да Нұрсұлтан Әбішұлы алыстан бауырлары келгендей көңіл хошымен қарсы алады, көнекөз достардай еркін әңгіме-дүкен құрады. Президент бірден «тек шындықты айтыңдар» дейді. Содан кейін қазанның қақпағы ашылып кеткендей, кеудемізге жиналып қалған ойды ағытамыз. Сөзімізді бөлмей, кең отырып тыңдайды. Кейбір ойымызды қағазына түртіп алып отырады. Жазушылармен жолығысып, жанының жадырап қалғанын айтады.

Әлі есімде, осыдан бес-алты жыл бұрын кездескенімізде, Президент ағынан жарылып, құмарынан шыққанша әңгімелесті. Өмірбаяны туралы әңгіме айтқанда, көзіне мөлтілдеп жас келгенін байқадым. Мысалы, Президент балалық шағы туралы әңгімеледі. «Бес-алты жас кезім еді», – дейді ол. – Ұйықтап жатсам, шешем: «Нұрсұлтан, Нұрсұлтан!» – деп дауыстады. Оянып кеттім. «Не болды, апа?» – дедім. Ол: «Е, бар екенсің ғой, құлыным!» – деп, бетімнен сүйді. Сөйтсем, апам түс көріпті. Түсінде мен тауға шығып бара жатыр екенмін. Ол: «Тауға барма! Онда қалың тұман, адасып кетесің. Суық, тоңасың. Қасқыр бар», – деп айғайлайды екен. Тек таудың жартысына барғанда ғана артыма бір бұрылып қарап, одан ары жүре беріппін. Шешем өз дауысынан өзі оянып, мені іздеген екен», – дейді Назарбаев. Егер адамның жүрегі жұмсақ болмаса, көңілі босай ма? Сол жолы көрші Өзбекстанда қазақ деген төлқұжаты бар 2 миллион, ұлтын өзбек қылған 4 миллион қанда-сымыздың бар екенін айтқан едім. Қытайдағы қытайландыру саясатының тез қарқынмен үдеп бара жатқанын қауіп қылдым. Маған қазақстандықтардың 20 миллионға жетуінен гөрі, қазақтың 20 миллионға өсуі маңызды екенін де әңгіме арасында қоса кеттім. Біз – азбыз деген ойымды білдірдім. Ол кісі мұқият тыңдады. Тыңдап қана қойған жоқ, шеттегі қаракөздер мәселесінің үнемі толғандыратынын, мұның да оң шешімі табылатынын айтты. Жақында Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы Астанада ұйымдастырылды. Әлемнің түкпір-түкпіріне тарыдай шашырап кеткен қазақтардың Астанаға келу арманына айналғандықтан, осы мұрат ескерілген болуы керек. Президентімізбен кездескен

кезімізде: «Сіз қазақстандықтардың немесе Қазақстандағы қазақтардың ғана Президенті емессіз, шетелде жүрген қандас бауырларымыздың, қиыр жайлап, шет қонған барлық қазақ ұлты азаматтарының да Президентісіз», деген едік. Біздің бұл пікірімізге Президенттің өзі де: «Дүние жүзіндегі қазақтардың барлығына қамқор бола аламыз, құдайға шүкір, оған біздің қуатымыз да, мүмкіндігіміз де жетеді» деп қуандырған еді. Шетелдегі қандастарымызбен кездесудің тағы бір орайы Халифа Алтай атты шоқтығы биік қайраткер қазақ азаматының 100 жылдығына байланысты туды. Оған қоса ұйымдастырылған Алаш партиясының 100 жылдығына да шетелден өте көп бауырларымыз келді. Дүниенің төрт бұрышына таралған туыстарымызбен табысудың зор мүмкіндігі туғанда армансыз сөйлесіп, арғы жақ пен бергі жақтағы қазақтар риясыз араласып, бір маркайып қалдық. Осының бәрі қазақ жерінде өткеніне олар да алғысын білдірді, біз де мақтанып, өзара қимастықпен тарқастық. Міне, осындай себептермен Астанамыз әлемдік тарихта айрықша орын алып отыр. Халықаралық дәрежеде тұсауы кесілгеннен бері Астананың туристік әлеуеті артып, имиджі көтеріліп келеді. Қазақстан түгілі, Кеңес Одағының өзінде ешқашан өткізіліп көрмеген саяси мазмұны ауқымды алқалы басқосулардың алаңына айналғалы Астана бейбітшілік пен келісімнің орталығы болып отыр. Сирия мәселесі, Украина мәселесінде де екі елдің мүддесіне тура келетін келісім ұстап, бейбіт саясатты қолдайтын ұстанымына сәйкес ымыраға келтіретін ортақ ойын білдірді. Осындай батыл қадамдарымен Астана татулықтың, елдестірудің алтын көпіріне айналды. Мазасыз кейіпке еніп бара жатқан әлемдегі шиеленістердің түйінін шешуге байланысты Астана төрелік айтуға шықты. Меніңше, Қазақ елі үшін бұл да бір мәртебе.

Қазақ елінің астанасы – әртүрлі форумдар мен халықаралық маңызы зор шаралардың орталығы. Әртүрлі конфессиялар арасындағы диалогты жоюға қойып, батыс пен шығыстың діндерінен таралып отырған тарам-тарам ағымдардың нысанасына айналған Азиядағы діни ахуалды реттеуге байланысты Астана көп жұмыс атқарып келеді.

ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесінің Астанада өткізілуі бас қаланың биылғы туған күнінің ажарын аша түскендей. Тұс-тұстан ағылып келе жатқан алаш жұртының сыртында, қазақ жерінде ұйымдастырылып отырған дүбірлі шараны қызықтау үшін шет мемлекеттерден де қаншама қонақтар келіп жатыр. Бұл халықаралық шараның жеке өз басыма да тигізетін шарапаты аз емес. Ұлыбританияның павильонында Лондон баспасынан жарық көрген ағылшын тіліндегі екі томдық кітабымыздың тұсаукесері өткелі отыр. Осы кітаптардың таныстырылымына орай Англиядан бір топ делегация арнайы келе жатыр. Мұның бәрі ненің арқасы? Ең алдымен, тәуелсіздіктің жемісі деп білемін. Драматургия мен театр өнерінің отаны саналатын ұлы Шекспир елінің сахнасында пьесам қойылды, ағылшын тіліндегі кітабым шықты, тәуелсіздіктің арқасында танылып, мойындалмасақ, осының бірі болар ма еді, жоқ па, кім білсін?

Мемлекетіміздің идеологиялық ахуалына оң өзгерістер келіп, әдебиетіміздің әлсіреген тамырына қан жүгіртетін жағымды үрдістердің басталып жатқаны да көңілге қуаныш ұялатады. Қат болып, құрдымға кеткен қаламақы мәселесі шешіліп, қаламгерлердің көз майын тауысып жазған туындыларына ақы төленетін болды. Қашаннан алаңдатып келе жатқан аударма жайы да қолға алынып жатыр. Қанша жерден аттан салсақ та, кітап оқитын, жақсы шығармалар жазып жүрген, әдебиетті сүйетін адамдар қатары бар. Ендеше, әдебиет те жасайды, оған жасалатын қамқорлық та жалғаса береді. Президентпен бір емес, бірнеше рет кездескен қаламгерлердің қатарынан болғандықтан, ол кісінің мемлекет тіршілігінің тамырын тексеріп, ағзасының кінәратсыздығын бақылап отырған қырағы басшы екеніне көзім жетті. Елбасының елге деген ықыласының ерекше екенін әр жолғы

кездесуден анық байқаймын. Соңғы кездескенімізде рухани жаңғыру, ұлттық кодқа байланысты әңгіме өрбіді. Осы уақытқа дейін әдебиет, мәдениет, өнер атаулы саясатқа жұмыс істеп келсе, ендігі жерде бәрі керісінше болмақ. Руханият алға шығып, халықтың танымындағы, туа бітті тегі мен қанындағы ізгілік, адамгершілік, отансүйгіштік, патриоттық сезімімен байланысты барлық құндылықтарымызға басымдық беріледі. Бұл саясаттағы ғана емес, тағдырымыздағы үлкен бетбұрыс. Ең қызығы, рухани жаңғыру мәселесі қоғамда қызу талқыланып жатқанда, мен Лондоннан латын қарпімен орыс тілінде жазылған хат алдым. Ежіктесем де, елең еткізетін хатты бірнеше рет өзім оқып шықтым. Демек, латын әрпінен қорқудың қажеті жоқ екен. Жастар тіпті тез меңгереді. Ұлттың келешегіне керек, қазаққа қажет дүниені дүрліктірмей, ушықтырмай, көптің көңілінен орын табатындай кезеңде ұсынып, Президентіміздің ұлттық саясатты қолға алғаны құптарлық. Тіліміз, рухымыз, қайсарлығымыз сақталса, қазақтың намысы биік болатын болса, халық аштыққа да, суыққа да, жалаңаштыққа да төзе біледі. Тек ертеңге деген сенімімізге селкеу түспесін. Ертеңге деген сенім болса, қазақ халқы қолға алған қандай шаруаға да қайыспай, қаймықпай кірісетініне көзім жетеді.

Дулат Исабеков